

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

31.08.2022 ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Жазғы сауықтыру кезінде істелінген жұмыс есебі.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
4. Қ.Р-ның Мектепке дейінгі ұйымдарда 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

1.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Бердібаева жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, балабақшаның алдағы жылдық мақсат, міндеттерімен таныстырды және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі уақытша өткен оқу жылындағы көлемде жүргізілетінін түсіндіріп өтті.

Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісіп, талмай еңбек етулеріне тілек білдірді. Өткен 2021-2022 оқу жылында өздерінің белсенділігін көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізген педагогтарымызды алғыс хаттармен марапаттады.

Сонымен биылғы жылдың мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту. Қимыл қозғалыс арқылы балалардың дене қимылдарын бұлшық еттерін жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Балалардың тілін дамыту жұмысын ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту. Балаларды театр мәдениетіне баулу, үлкендермен және құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, шет тілдерін талапқа сай игеруді дамыту.

Балалардың білуге құмарлығын, талаптылығын, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуін, түрлі әрекеттердегі қабілеттілігін байқау.

ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі А.Бердібаева сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру кезеңінде жоспар бекітілген, сол жоспар бойынша жалпы жүргізілген жұмыстар жөнінде айтып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша әдіскері Сариева М жазғы сауықтыру кезінде жоспар бойынша жұмыс жүргізілді және аудандық білім бөлімінен келген бұйрықтар бойынша конкурстарға бүлдіршіндерді қатыстырып шығармашылықтарын шыңдап отырдық. Түрлі сырттай байқаулар педагогтар арасында, балалардың орындауы бойынша тапсырмалар орындалды.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Бердібаева тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары жөнінде айтып өтті. Өткен 2020-2021 оқу жылында педагог қызметкерлеріміз, тәрбиешілеріміз өздеріне берілген шығармашылық тақырып бойынша жыл бойы жұмыс жасап, өздерінің іс-тәжірибелерінің нәтижелерін көрсетті. Қалған педагогтар өздерінің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс істей береді. Бірнеше жыл бір тақырыпта ізденіп, өз жұмыстарын қорғап шыққан педагогтарға жаңа тақырып беріледі. Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп, жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырамын. Бекітілген тақырыптармен іс-жүргізуге табыс тілеймін-деп сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А. Бердібаева сөзге шықты. Мектепке дейінгі ұйымдарда 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Биылғы оқу жылында көптеген өзгерістер еніп, әлі де болса қаралып жатқаны жөнінде түсіндіріп өтті. Биылғы үлгілік оқу жоспарында балалардың жас ерекшелігіне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілгенін, бұрынғы оқу қызметі енді ұйымдастырылған іс-әрекет болып өзгергенін түсіндіріп өтті. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, және балалардың қимыл белсенділігін қамтамасыз ететіні жөнінде айтып өтті. Тәрбиешілерден негізінен талап етілетін құжаттар перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы екенін, осы құжаттардың уақытында толтырылып отыруын әдіскер А.Бердібаева тапсырды.

Тәрбиешілерге мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, баланың ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық

деңгейге көтеру , балаларды шамадан тыс жүктемеден сақтайтын және білім мазмұнына міндетті минимумы мен бала дайындығына қойылатын талаптар деңгейін белгілейтін мемлекеттік құжат жаңа стандарт бойынша жұмыс жүргізулерін айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
2. Жазғы сауықтыру бойынша жасалған жұмыстардың фото слайдтары мен видеороликтері жасалып тапсырылсын.
3. Тәрбиешілер, педагог мамандар шығармашылық тақырыптарына сай ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырсын.
4. 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесі жаңа үлгіде ұйымдастырылып, жаңа әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмыс жүргізілсін.

Кенес төрайымы

Хатшы:



А.Бердібаева

Сариева М

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс

№2 Хаттамасы

05.09.2022ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына

ЖОЛДАУЫ

ТЫҢДАЛДЫ: балабақша меңгерушісі А.Бердібаева сөз алды. Балабақша қызметкерлеріне мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 1 қыркүйектегі жаңа ЖОЛДАУЫ жолданғаны жайлы айтып өтті және Жолдауды оқып таныстырды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы халқына өз Жолдауын жариялады.

Президентіміз осы жолдауында мына мәселелерді қарастырған.

1. Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат.
2. Екінші бағдар. Нақты секторды дамыту
3. Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция.
4. Төртінші бағдар. Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту.
5. Бесінші бағдар. Заң және тәртіп.

1. Бірінші бағдар. Жаңа экономикалық саясат бойынша шикізатқа әліде тәуелді екенімізді, еңбек өнімділігінің төмен екенін, Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырмағанын, бұл мәселелерді шешудің нақты жолдары бар екенін атап көрсеткен.

2. Екінші бағдар. Нақты секторды дамыту бойынша ең алдымен жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек екені жөнінде айтылған.

3. Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция бойынша еліміздің басты құндылығы-адам, сондықтан ұлттық байлықты тең

бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру-реформаның басты мақсаты . Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамитынын атап көрсеткен.

4. Төртінші бағдар.Мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту бойынша экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды. Мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттырғаны жөн деп айтылған.

5.Бесінші бағдар. Заң және тәртіп бойынша қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет , сондай-ақ олар жемқорлықтан таза болуы керек деп атап көрсеткен.

Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп.

Біз таңдаған жолымыздан айнамаймыз!

Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын!- деп, өз жолдауын аяқтаған.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша әдіскері М. Сариева сөз алды.

Президентіміз 1 қыркүйектегі жолдауында балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет, оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек , осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуі тиіс деп өте орынды айтылған. Және де балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет деп, білікті мамандардың жұмыс жасауын талап етіп отыр.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: кәсіподақ ұйымының төрайымы Мырзаханова С

сөз алды. Қазіргі кезде көптеген адамдарымыз жұмыссыз жүр, Президентіміз осы орайда келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек, жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді –деп, ұлттың болашағын ойлай отырып, өте өзекті мәселені көтеріп отыр.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: балабақша тәрбиешісі Қалыбаева С сөз алды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақстан халқы жолдауында отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Бұл мәселеге көз жұма қарауға болмайды. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек-деп, отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса , олар олар одан бетер басынып кететіні жайлы өте жақсы айтылған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі халқына арналған Жолдауын жүзеге асыруға міндеттіміз.
2. Жоғарыда аталған міндеттерді насихаттауды қолға алу жұмыстары жандандырылсын.

Кенес төрайымы **А.Бердібаева**
Хатшы: **Сариева М**



**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

**Педагогикалық кеңестің
№2 Хаттамасы**

25.11.2022ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде:

- 1 .Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. « Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» (Баяндама)
3. Жаңа үлгілік бағдарлама бойынша түсіндіру.

1 ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Бердібаева сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Алдағы уақытта өтілетін ашық есік күндерінде жаңа технологияларды пайдаланып, ұлттық құндылықтарымыз жайлы дәріштеп, ұлттық бұйымдарымызбен, ұлттық нақыштарымызды пайдалана отырып мазмұнды да, қызықты өтуіне еңбектену керек.

2 ТЫҢДАЛДЫ: «Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» атты баяндаманы тәрбиеші Г.Ш.Балкыбекова оқып таныстырды. Баяндамада Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі екенін, жалпы ұлттық құндылығымызды балалардың бойына ерте жастан сіңіру керек екенін, ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылатынын түсіндіріп өтті. Ұлттық ойындарды көбірек пайдалана отырып, баланың бойына сіңіру ол-бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. -деп, баяндамасын аяқтады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б әдіскері М. Сариева сөз алды. Биылғы жаңа стандартта ұлттық құндылықтарға қатты көңіл бөлініп қолға алынып отыр. Сондықтан біз күнделікті іс-әрекетте болсын, ойын барысында, өзіміздің құндылығымызды дәріштеп отыруымыз керек. Бала тәрбиесі-ұлт болашағы екенін білесіздер. Тәрбиені бірінші орынға қойып, үнемі оқу қызметін бастамас бұрын тәрбиеге шақырып алу керек. Тәрбиелік мәні бар,

ұлтымыздың өзімізгі тән ерекшеліктері жайлы әңгімелерді оқып беріп, мысалдарды келтірумен қатар, ұлтын сүйетін, патриотшыл балаларды тәрбиелеп отыру керек.

Бала дегеніміз-болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің жалғасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда-деп, сөзін аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Бердібаева сөз алды. 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу бағдарламасымен таныстырды.

Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдай жасау, заттық-кеңістіктік ортаны құру, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны дамытуға бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылатынын түсіндіріп өтті.

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, бағдарламаның мазмұнын әр жас тобына сай бір жыл ішінде меңгеріп шығу керек.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: б/б әдіскері М. Сариева тәрбиешілерге біраз міндеттерді түсіндіріп өтті. Биылғы жылы ұйымдастырылған іс-ірекеттерде өзгерістер болып отыр. Оқу кестесінде сағаттар алынып тасталды, күн тәртібіне қарай ұйымдастырылған іс-әрекеттер күннің екінші жартысында да өтіле береді, уақыт шектелмейді. -деп, сөзін аяқтады.

ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңестің шешімдірі орындалсын.
2. Балабақшада ұлттық ойындарды көбірек ойнатып, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелсін.

Кеңес төрайымы А.Бердібаева
Хатшы: Сариева М



3. Жаңа үлгілік бағдарлама бойынша жұмыс жүргізілсін.

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№3 Хаттамасы

25.01.2023ж.

Қатысқаны-15

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .
2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.
3. Төтенше жағдайларда балалалар қауіпсіздігін сақтау негіздері.
4. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы
(Баяндама)

1.Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі. А.Бердібаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балабақшамыздың тәжірибелі мамандары А.Ткмірбекова, Б.Қозыбаева, Ә. Сыдықова , У. Усенбаева сынды тәрбиешілеріміз әр ұйымдастырылған іс-әрекетте қызықтырып, әр түрлі әдіс- тәсілдер, жаңа технологияларды қолданып өтуде. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін үнемі ізденісте болып, қызықты жаңа әдістер қолдануды жалғастыру жайлы айтты.

Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысы туралы б/б меңгерушісі А.Бердібаева айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жасауда екенін, таңғы жаттығулар, түскі гигиеналық шаралардың орындалуы жөнінде және күннің екінші жартысында, серуен кезінде жасалатын бақылау, еңбек туралы айтып өтті. Күн тәртібінің жоспарға сәйкес орындалуын талап етті.

Сөз сөйлегендер: б/б әдіскері Г.Н.Коштаева балабақшада күнделікті бақылау жүргізілуде. Кейбір топтарда таңғы жаттығулар дер кезінде орындалмай жатыр .Атап айтсақ ересек «Балдырған» тобында және кіші жас

«Балапан» тобында балалар таңертең бақшаға кеш келетіні анықталды. Сол себепті ата-аналарға балаларын кешіктірмей әкелуін ескерту керек екені жайлы айтып өтті. Басқа топтар жоспардағыдай орындалып жатыр.

3. ТЫҢДАЛДЫ: б/б меңгерушісі А.Т.Кунтуова төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері жайлы айтып, түсіндіріп өтті. Қыс мезгілінде күнделікті серуен кезінде шатырдан еритін мұз сүңгілерінен, тайғанақ жерлерден өткенде абай болулары жөнінде айтып өтті.

4 ТЫҢДАЛДЫ:б/б тәрбиешісі Темірбекова А «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» тақырыбында баяндаманы оқыды. Баяндаманың қысқаша мазмұны қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік беру.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады- деп аяқтады.

Сөз сөйлегендер: тәрбиеші А.Темірбекова педагогтардың осындай әртүрлі тақырыптарда баяндамаларды тыңдап, талқылап отыруымыз керек, біз

жаңашыл педагог болу үшін үнемі ізденіп, жаңа технологиялармен танысып отыруымыз қажет деп,- сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Оқу тәрбие жұмыстары жоспардағыдай жүргізілсін.
3. Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігі сақталсын.
4. Балаларға түрлі жаңаша әдіс-тәсілдерді үйрету жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



А.Бердібаева

Сариева М

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№4 Хаттамасы

24.03.2023 ж.

Қатысқаны-14

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Тақырыптық бақылау қорытындысы
3. Өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайы
4. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында ойындарды пайдалану деңгейін анықтау

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі. А.Бердібаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балалардың деңгейін анықтау бойынша аралық мониторинг бастапқыға қарағанда көрсеткіші жоғары. Балаларды білімді де , тәртіпті етіп тәрбиелеу біздің міндетіміз. Алдағы уақытта да мониторинг көрсеткіші жоғары деңгейде болсын,-деп сөзін аяқтады.

2. Тыңдалды: Балабақша әдіскері М. Сариева тақырыптық бақылау қорытындысы бойыншатоптарда жас ерекшелігіне қарай, балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы балабақшамызда жақсы нәтиже беруде. Дидактикалық ойындарды катынас білім саласында пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған. Қатынас білім дағдысына дидактикалық ойындарды қолдану :балалар сөздігін толықтырып, және дыбысты дұрыс айтуды қалыптастырула., байланыстырып сөйлеуді дамытады, өз ойын дұрыс айта білуді, балалар тілін дамыту үстінде.. «Шығармашылық» білім дағдылары ұйымдастырылған әдіс тәсілдерді бақылау нәтижесі бойынша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін

көркем түрде бере білу біліктері қалыптастыру жүйеленді. Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттері, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылықтары арттырылды. Өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігі, эмоционалды қатынасы дамытылуда. Сурет салу бойынша әдіс тәсілдер пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету мақсаттары жүзеге асырылды

3. Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Ә Сыдықова өз сөзінде өз білімін жетілдіру жоспарының орындалу жайлы, презентация «Заттық дамытушы ортаны құру» жайлы, оның бала үшін маңыздылығы жөнінде, күнделікті іс-тәжірибесінде пайдалануы жайлы таныстырып өтті.

4. Тыңдалды: төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Т. Байтуякова сөзге шықты. Циклограмма бойынша күнделікті бақылау нәтижесінде және жылдық жоспар бойынша тәрбиешілерге берілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау нәтижесінде ойындарды пайдалану деңгейі жайлы айтып өтті. Ересек «Балдәурен» тобының тәрбиешісі Г.Ш. Балкыбекова, ересек «Балдырған» тобының тәрбиешісі Қалыбаева С ортаңғы «Бөбек» тобының тәрбиешісі Жораева Ә түрлі ойындарды қызықты етіп кіргізе отырып, оқу іс-әрекеттерін өткізуде жоғары деңгейде алып барды. Оқу іс-әрекеттері өте жоғары дәрежеде өтті және ұйымдастыру шеберлігі өте жоғары. Балалардың жасына сай тапсырмалар, ойындар ойнатылды. Бұл тәрбиешілерге алдағы уақытта да талмай еңбек етіп, іздене берулерін айтты.

Ал, кейбір

тәрбиешілеріміздің өткізген оқу іс-әрекетінде біраз кемшіліктер орын алды. Тәрбиешінің өзін ұстауы, сөйлеу мәнеріне сын айтылды. Дегенмен де балалардың тәртібіне басты назар аудару қажет. Балаларды өзіне қарата білуі керек. Бұдан былай да оқу іс-әрекетінде қызықты етіп, жаңа ойындармен түрлендіріп өткізіңіздер,-деп сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балалардың жас ерекшелігіне қарай жұмыс жүргізілсін
3. Топтарда заттық дамытушы ортаны жаңартып жасақталсын.

4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінде жаңа технологияларды, қызықты ойындарды пайдалану деңгейі жоғары болсын.

Кенес төрайымы

Хатшы:



А.Бердібаева

Сариева М

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Бал-Ана» бөбекжайы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

31 .05.2023 жыл

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды педагогикалық кеңес. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы. Оқу жылы бойынша балабақшаның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.
2. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың мониторингі.
3. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Бердібаева өз сөзінде жыл бойы жоспарға сай жұмыс жүргізілгенін айтып өтті. Педагогтарымыз түрлі іс-шараларды, атап айтсақ ертеңгіліктер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, спорттық сайыстар, ашық есік күндерін өткізді. Аудандық, Республикалық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ал, кемшіліктер жайлы айтатын болсақ мектепке дейінгі ұйымға қойылған талаптардың бірі топтарда заттық дамытушы ортаның құрылуы, кітап бұрышының жасақталуында толықтырулар қажет, әле де болса педагогтарымыз талмай еңбек ету керек, -деп сөзін аяқтады.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша б/б әдіскері М. Сариева өз сөзінде биылғы қортынды мониторинг жаңа форматта жасалынды. Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу. мақсатында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізілді. Оқу жылында әрбір жастағы топтар үшін, біліктілігін анықтай отырып мониторинтер жасалынды. Оқу жылының басындағы бастапқы мониторингпен салыстырғанда балалардың деңгейі едәуір жоғарылады. Алдағы уақытта да қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру. дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету жайлы айтып өтті.

3. Тыңдалды: б/б меңгерушісі А.Бердібаева сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырып өтті. Жазда жылы суда сауықтыру жұмыстарын өткізуді, эстафеталар, жазғы спорттық ойындарды өткізу, ата-аналармен отбасылық жарыстар өткізу жайлы айтып өтті.

Сөз сөйлегендер: Балабақша әдіскері М. Сариева өз сөзінде тәрбиешілердің алдында жазғы сауықтыру шараларымен қоса баланың балабақшаға бейімделуін дұрыс әрі тиімді ұйымдастыру міндетері тұрды. Балаға ең алдымен жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу, психологиялық және эмоционалдық жағынан жағдай жасау және баланың жазғы сауықтыру іс-шараларын қоса ұйымдастыру. Бала балабақшаға қабылданған күннен бастап бала өмірінде көптеген өзгерістер болады. Осының бәрі баланың ағзасына, жүйкесіне әсер етеді. Баланың жылауық, немесе тәбеті нашарлауы тіпті жиі ауыруыда мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін жазғы іс шараларды тиіді ұйымдастыру қажет. Балалардың денсаулығын сақтау әрі нығайту, гигиеналық және дене шынықтыру мәдениеті негіздерін, денсаулыққа маңызды өмірлік құндылықтарды қалыптастыру. Ең алдымен жазғы күн тәртібі өзгереді. Балалардың серуендеу уақыты 4,5 сағатқа дейін ұзарады, ал ұйықтау уақыты 3 сағатқа ұзарады.

ШЕШІМІ:

- 1 2023-2024 оқу жылының жұмыстары жоспардағыдай жүргізілсін.
- 2 Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзиреттілігін қалыптастырудың мониторингі жоғары деңгейде болсын.
- 3 Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы:



А.Бердібаева

Сариева М